

Жалға алынған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдалану үшін жалға берудің төлемін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 20 желтоқсандағы N 823/12 қаулысы. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 қаңтарда N 12-3-251 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 09 қыркүйектегі N 898/9 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 09.09.2013 N 898/9 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылдың 20 тамызындағы "2008-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының тұрғын-үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 383 Жарлығы және Қазақстан Республикасы сауда индустриясы Министрінің 2008 жылғы 30 қыркүйектегі N 395 бұйрығымен бекітілген, мемлекеттік арендалық үйлерде өндіріліп алынған арендалық төлемді есептеу әдістемесі негізінде, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Екібастұз қаласы, Ленин көшесі, 130 мекенжайында орналасқан, жалға алынған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалға берудің айсайынғы төлемі жалпы көлемдегі бір шаршы метрге 37,33 теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. **Алып тасталды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2012.01.30 N 142/2 (жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары **Н.В. Дычкоға** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Екібастұз қаласының әкімі

Н. Нәбиев